

Жек дуадақ жұмыртқасын жинау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 мамырдағы N 444 Қаулысы

Маңғыстау облысында жек дуадақтың репродуктивтік қабілеті жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. 2006 жылғы 6 мамыр - 15 маусым кезеңінде Маңғыстау облысының аумағындағы шаруашылық қызметтің реттелетін режиміндегі республикалық маңызы бар Кендірлі-Қаясан мемлекеттік қорық аймағында кейіннен инкубациялау үшін 50 дана мөлшерде жек дуадақ жұмыртқасын жинауға рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті:

1) белгіленген тәртіппен "Охотзоопром" ӨБ" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (бұдан әрі - "Охотзоопром" ӨБ) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген аумақта 50 дана мөлшерде жек дуадақ жұмыртқасын жинауға рұқсат берілсін;

2) инкубациялау кезінде шығарылған балапандарды Қазақстан Республикасынан алып кету кезінде Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция рәсімінің сақталуын қамтамасыз етсін;

3) жек дуадақ жұмыртқасы жиналатын жерлерде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманың сақталуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. "Охотзоопром" ӨБ Біріккен Араб Әмірліктері Орнитологиялық зерттеулер орталығының қаржы қаражатына 50 дана мөлшерде жек дуадақ жұмыртқасын жинауды және шығарылған балапандарды кейіннен белгіленген тәртіппен араб тарапына бере отырып, оларды инкубациялауды жүзеге асырсын.

4. Жек дуадақ жұмыртқасын табиғи ортадан алу кезінде "Қазақстан Республикасында жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін ерекше жағдайларда пайдалану тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 маусымдағы N 969 қаулысының 13-тармағында көрсетілген мөлшерде жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін ақы белгіленсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК